

«Астана» халықаралық  
қаржы орталығы



Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік кірістер комитеті

2018 жылғы «29» 06  
№ 60  
Астана қаласы

2018 жылғы «02» 07  
№ 288  
Астана қаласы

## БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

### № 1 Арнайы ережені бекіту туралы

«Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Конституциялық заңының 6-бабының 9-тармағына сәйкес және «Астана» халықаралық қаржы орталығы Басқарушысының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 48 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Төрағасының 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 596 бірлескен бұйрығымен бекітілген Салықтық әкімшілендіру және мемлекеттік кірістер органдарының «Астана» халықаралық қаржы орталығының органдары және қатысушыларымен салық салу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл қағидаларының 10-тармағы 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған № 1 Арнайы ереже («Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушыларына арналған салықтық есеп саясаты жөніндегі арнайы ереже) бекітілсін.

2. Осы бірлескен бұйрық оған қол қойылған және «Астана» халықаралық қаржы орталығының сайтында орналастырылған күннен бастап күшіне енеді және 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады.

«Астана» халықаралық қаржы  
орталығы Басқарушысының  
2018 жылғы «29» 06 № 60  
және Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Мемлекеттік кірістер комитеті  
Төрағасының  
2018 жылғы «02» 07 № 288  
бірлескен бұйрығына  
қосымша

### **№ 1 Арнайы ереже**

#### **(«Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушыларына арналған салықтық есеп саясаты жөніндегі арнайы ереже)**

1. Осы № 1 Арнайы ереже («Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушыларына арналған салықтық есеп саясаты жөніндегі арнайы ереже) «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң) 6-бабы 9-тармағына сәйкес және «Астана» халықаралық қаржы орталығы Басқарушысының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 48 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Төрағасының 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 596 бірлескен бұйрығымен бекітілген Салықтық әкімшілендіру және мемлекеттік кіріс органдарының «Астана» халықаралық қаржы орталығының органдары және қатысушыларымен салық салу мәселелері бойынша өзара іс-қимылы қағидаларының (бұдан әрі – Салықтық әкімшілендіру қағидалары) 10-тармағы 2) тармақшасына сәйкес әзірленген және «Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушыларына арналған салықтық есеп саясатының нысанын бекітеді.

2. Осы № 1 Арнайы ережеде пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер олар Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі), Салықтық әкімшілендіру қағидаларында және «Астана» халықаралық қаржы орталығы Басқарушысының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 33, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 11 желтоқсандағы № 711 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 405 бірлескен бұйрығымен бекітілген «Астана» халықаралық қаржы орталығы қатысушыларының корпоративтік табыс салығынан босатылуға жататын және салық салуға жататын кірістердің, сондай-ақ шегерімге

жатқызылатын шығыстардың бөлек есебін жүргізуі қағидаларында қандай мағынада пайдаланылса, сол мағынада қолданылады.

3. Орталықтың салық төлеушілері болып табылмайтын Орталықтың қатысушылары Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен көзделген тәртіпте салықтық есеп саясатын өздері дербес әзірлейді және бекітеді.

4. Орталықтың салық төлеушілері болып табылатын Орталықтың қатысушылары:

1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен көзделген тәртіпте өздері дербес;

2) осы № 1 Арнайы ереженің қосымшасына сәйкес салықтық есеп саясаты нысаны негізінде салықтық есеп саясатын әзірлеуге және бекітуге құқылы.

5. Осы № 1 Арнайы ереженің 4-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген салықтық есеп саясатының нысанына Орталықтың салық төлеушілері болып табылатын Орталықтың қатысушылары қосымша ережелерді енгізе алады.

6. Осы № 1 Арнайы ереженің 4-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген салықтық есеп саясатының нысанына Салық кодексімен талап етілетін қажетті ережелер болмаған жағдайда Орталықтың салық төлеушісі болып табылатын Орталықтың қатысушысы өзі дербес салықтық есеп саясатының тиісті ережелерін толықтыруға және бекітуге міндетті.

**САЛЫҚТЫҚ ЕСЕП САЯСАТЫ**

---

(салық төлеушінің атауын көрсету)

**1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. Осы салықтық есеп саясаты «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Конституциялық заңына және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес \_\_\_\_\_ (салық төлеушінің атауын көрсету) (бұдан әрі – Компания) салық есебін жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Осы салықтық есеп саясатында пайдаланылатын ұғымдар олар Қазақстан Республикасы заңнамасының салаларында пайдаланылғандай, сол мәнде қолданылады.

3. Компания туралы жалпы ақпарат:

1) заңды мекенжайы: \_\_\_\_\_ (Компания тіркелген мекенжайды көрсету);

2) БСН: \_\_\_\_\_ (Компанияның бизнес-сәйкестендіру нөмірін көрсету);

3) ҚҚС бойынша есепке қою туралы деректер: \_\_\_\_\_ (Компанияның қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің нөмірі мен күнін көрсету, сондай-ақ Компанияның қосылған құн салығы бойынша есепке қойылған күнін көрсету);

4) Компанияның қатысушылары туралы деректер: \_\_\_\_\_ (Компанияның құрылтайшыларын/қатысушыларын көрсету).

4. Салықтық есеп саясатының осы редакциясы \_\_\_\_\_ бастап қолданысқа енгізіледі (салықтық есеп саясатының қолданысқа енгізілген күнін көрсету).

**2-бөлім. Міндетті ережелер**

5. Осы бөлім салықтық тіркелімдерді жасау нысандары мен тәртібін қоспағанда, Салық кодексінің 191-бабы 1-тармағымен айқындалған міндетті ережелерді белгілейді.

6. Салықтық есеп саясатының сақталуына жауапты тұлғалар лауазымдарының атауы:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(лауазымдар атауын көрсету).

7. Конституциялық заңға сәйкес Корпоративтік табыс салығынан босатылуға жататын және салық салуға жататын кірістердің, сондай-ақ шегерімге жатқызылатын шығыстардың бөлек есебін жүргізу тәртібі «Астана» халықаралық қаржы орталығы Басқарушысының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 33, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 11 желтоқсандағы № 711 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 405 бірлескен бұйрығымен бекітілген «Астана» халықаралық қаржы орталығы қатысушыларының Корпоративтік табыс салығынан босатылуға және корпоративтік табыс салығын салық салуға жататын кірістердің бөлек есебін жүргізу қағидаларымен айқындалған.

8. Мұндай есепті жүргізу міндеттемесі, Салық кодексімен көзделген жағдайларда бөлек есеп жүргізу тәртібі Салық кодексінің 194 және 195-баптарымен белгіленген ережелердің есепке алынуымен Компания жеке бекітеді.

9. Компания инвестициялық салық преференциялары қолданылуы кезінде \_\_\_\_\_ әдісін қолданады (инвестициялық салық преференциялары қолданылған кезінде Компания таңдаған әдісті: «объектіні пайдалануға бергеннен кейінгі шегерім әдісі» көрсету).

10. ҚҚС есепке алуға енгізудің Компания таңдаған әдісі: \_\_\_\_\_ (ҚҚС есепке алуға енгізудің Компания таңдаған әдісі: ҚҚС есепке алуға енгізудің Компания таңдаған әдісі: «пропорционалды әдіс» / «бөлек есебін жүргізу арқылы»).

11. Хеджирленетін операцияларды жүзеге асырған жағдайда хеджирленетін тәуекелдерді айқындау саясаты, хеджирленетін құжаттар және оларға қатысты пайдаланылатын хеджирлеу құралдары, хеджирлеу тиімділігінің дәрежесін бағалау әдістемесін, сондай-ақ исламдық бағалы қағаздармен операцияларды жүзеге асырған жағдайда исламдық бағалы қағаздар бойынша кірістерді есепке алу саясатын исламдық бағалы қағаздармен операциялар жүргіз ілген жағдайда Компания жеке бекітеді.

12. Шот-фактураларды жазып берген кезде оларды нөмірлеуге қолданылатын цифрлардың ең жоғары саны \_\_\_\_\_ (шот-фактураларды нөмірлеуге қолданылатын белгілердің санын қолмен жазып көрсету) белгілерді құрайды.

13. Компания тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдарды есептеу кезінде амортизацияның келесі нормаларын қолданады (I топ бойынша) активтің сәйкестендіргішін (инвентарлық, кадастрлық немесе басқа осындай нөмір), (I топ бойынша) активтің атауын, амортизацияның қолданылатын нормасын көрсету):

1) I топ бойынша «Мұнай, газ ұңғымаларын және беру құрылғыларын қоспағанда, ғимараттар, құрылысжайлар»:

Активтің сәйкестендіргіші	Активтің атауы	Қолданылатын норма

2) II, III, IV топтары бойынша:

Топтың нөмірі	Топтың атауы	Қолданылатын норма
II	Мұнай-газ өндіру машиналары мен жабдықтарын, сондай-ақ ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлер мен жабдықтарды қоспағанда, машиналар мен жабдық	
III	Ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлер, бағдарламалық қамтылым және жабдық	
IV	Басқа топтарға енгізілмеген тіркелген активтер, оның ішінде мұнай, газ ұңғымалары, беру құрылғылары, мұнай-газ өндіру машиналары мен жабдығы	

### 3-бөлім. Жеке ережелер

14. Осы бөлім Салық кодексінің Ерекше бөлігіне сәйкес салықтық есеп саясатында айқындауға жататын жеке ережелерді белгілейді.

15. Жол жүруді растайтын құжаттар болмаған жағдайда Салық кодексінің 244-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы мақсаттары үшін іссапар күндерінің

саны іссапарға жіберу туралы бұйрық болған жағдайда \_\_\_\_\_ (іссапар күндерінің санын айқындау үшін негіз болатын Компания таңдаған құжатты: «іссапар куәлігі» немесе басқа осындай құжатты көрсету) негізінде айқындалады.

16. Бірлескен қызмет туралы шарт болған жағдайда және шартта активтерді, міндеттемелерді, бірлескен қызмет бойынша кірістер мен шығыстарды бөлу тәртібі болмаған жағдайда Компания бірлескен қызмет шартының қатысушылары әзірлеген және бекіткен жеке салықтық есеп саясатының негізінде бірлескен қызмет бойынша салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындайды.

#### **4-бөлім. Салықтық тіркелімдерді жасау тәртібі**

17. Компания:

- 1) № 2 Арнайы ережеге 1-34 қосымшаға сәйкес;
- 2) Салық кодексінің 215-бабы 2-тармағы 2) тармақшасына сәйкес бекітілген нысандар бойынша корпоративтік табыс салығы жөнінде салықтық тіркелімдерді жасайды.

18. Компания осы салықтық есеп саясатының 17-тармағында көрсетілмеген салық түрлері мен бюджетке төлемдер бойынша салықтық тіркелімдерді Салық кодексінің 215-бабы 2-тармағы 2) тармақшасына сәйкес Компания және Салық кодексінің 215-бабы 2-тармағы 2) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша салықтық тіркелімдерді жасайды.